



**АСТАНА АКШАМЫ**

# ЖАРНАМАЛАЙ ЖАР САЛУ ЖЕТКІЗЕР МЕ МҰРАТҚА?

Биылғы жаз ортасында Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен ұлттымыздың біртуар перзенті Шемші Қалдаяқовтың әндері шырқалған «Әнім сен едің» концерті өткен еді. Оған белгілі әншілермен қатар композитордың ұлы Мұхтар да қатысып, әкесінің шығармашылығы туралы көңіліне түйгендерін ақтарып салды. Алайда, кейбір ойлары қисынсыздығымен бізді таңғалдырыды. Шемші өз әндеріне биік талғаммен қарап, сөз бен саз үйлесімділігін назарында ұстады. Сол мақсатпен ән мәтіндерін кімге болса соған жаздырмай, мықты ақындармен жұмыс істеді. Және қай әнге қай ақын сөз жазу керектігін қапысыз танып отырды. Сөйтіп, халқы, үлкен-кішісіне қарамай сүйіп тындайтын өміршең туындыларды дүниеге әкелді.

## ШӘМШІ ПИАРДЫ ОЙЛАДЫ МА?

Ал, оның баласы Мұхтар мұлде жаңа көзкарас ұсынады. «Әкем ақындарды шығармашылығына тартқанда тудырган музыкасын насиҳаттасын деген мақсатты көздеді. Себебі, музыканнттардың арасында да бәске бар. Мәселен, музықант партияда болмаса, жарты күн партиялық жиналыстарда отырмаса, оның адымы ашылмай қалатын. Әкем радиода музыкалық редактор болып жұмыс істеді. Соңдықтан оны халықта негізінен радио танытты. Пысықтар немесе телеарнада тамыр-таныстары бар адамдарға оған шығуға мүмкіндік алатын. Мен әкеме: «Әке, телеарна көбелектер мен неше түрлі қоныздарға дейін түсіре бастады. Сені құрығанда суретке түсірмейді ме» деп айтатынмын. Ал, әкем ақындарға сүйеніп, олар мені жүрген жерлерінде насиҳаттайды деп сенді». Бұл – Мұхтар Қалдаяқовтың өз сөзі. Осыған қарап, «Шемші пиарды ойлады ма?» деген сұрақ туындаиды.

Біздіңше, керісінше ақындар Шемшіні емес, Шемшінің әндері оларға мәтін жазған ақындарды насиҳаттады, әлі де насиҳаттап келе жатыр. Мысалы, осы күндері Шемшінің «Шынарым», «Кел Бурабайға» әндеріне сөз жазған Еркеш Ибраһим мен Шемшімен бірлестікте «Дүнген қызы», «Теріскей», «Сағынышым менің», «Отырардағы той» т.б. осындаі тамаша туындыларды туыннатқан Сабырхан Асановтың есімдері ұмытыла бастады. Олар сөзсіз – күшті ақындар. Алайда, кейінгі үрпақ бұлардың есімдерін білмейді. Аға буын да Шемшінің әндері айтылғандаған еске алатын шығар. Қай әніне қай ақын сөз жазғанын білетіндер, әрине. Бірақ, қазір композиторды біліп, мәтін жазған ақынды білмейтін жағдайға жеттік. Әсіресе, жастар жағынан бұл олқылық сезіліп тұрады. Бүгінгі жастар кешегі ақындарға емес, қазіргі ақындарға табынады. Оларға «Теріскей, айналайын келбетіңнен, Сен бізге ақ бесіксің тербетілген» деп жазған Сабырхан Асановтан гөрі «Кермиық, кербез дала тербетілген, Айналайын келбетіңнен» деген сөздерді әнге арқау қылған Қалқаман Сарин жақын.

## ҚАЙДА БАРСАН - ҚАЛҚАМАН

Көршілес Ресей жұртында әнге мәтін жазатын ақындардың «поэт-песенник» деген анықтамасы бар. Біздер «айтыс ақыны», «жазба ақын» деп беліп жатамыз. Әнге осылардың екеуі де мәтін жаза береді. Қалқаманнның ақындығы да әуел баста «МузАрт» сынды әйгілі топ шырқайтын әндерге сөз жазумен танылды. Кейіннен жазба ақын екенін көрсетіп, бірнеше кітапты, өлеңдеріне жазылған әндер мен жырларын топтастырып, аудиожинақты шығарды. Астанада шығармашылық кешін де өткізіп таstadtы. Ақын Жарасқан Әбдірашұлының ағасы Ғафу Қайырбеков туралы мынадай әзіл шығарғаны бар:

Теледидарды ашып қалсан – Ғафекен,

Радионы басып қалсан – Ғафекен!

Журналдарды парактасан – Ғафекен,

Газеттерді қарап қалсан – Ғафекен!

Дунай бойлап араласан – Ғафекен,

Думан-тойға бара қалсан – Ғафекен!

«Мына біреу оңашалау кафе екен»

деп кіріп ем...

Мұнда да отыр Ғафекен!..

Қалқаман Саринге де қатысты қазір осыны айтуға болады...

## ЖАҚСЫ ӘННІҢ КҮШІ

Қазірде мақтальып та, сыналып та жүрген әнші Қайрат Нұртас орындайтын «Ауырмайды жүрек» әнінің мәтінін үлкенді-кішілі айтыстарға қатысқан Олжас Отар деген замандасымыз жазыпты. Алайда, шыны керек халық оның атын айтыстардан емес жоғарыдағы ән шыққаннан кейін ғана біле бастады. Соның өзіне бұқаралық ақпарат құралдарына шыққан сұхбаттары сеп болды. Бұл жағдай жақсы әнге сөз жазған ақынның аты әдебиеттен бұрын ән өнері арқылы таныла алғатынын дәлелдей түседі.

Шемши Қалдаяқовпен шығармашылық бірлестікте болған бір ақынға ерекше тоқталғанды жөн көрдік. Ол - «Қайықта», «Қайдасың» әндері мәтіндерінің авторы Нұрсұлтан Әлімқұлов. Бұл ақын Шемшимен ғана емес, Әбілахат Еспаев, Нұрғисса Тілендиев, Әсет Бейсеуов сынды ұлтыймыздың майталман композиторлармен бірігіп ән жазған. Оған академик-жазушы

Зейнолла Қабдолов «ән сөзінің классигі» деген баға берген. «Поэт-песенник» деген анықтама осы кісіге келетін сияқты. Себебі, ақынның жыр жинақтарын іздеп табу қыын осы күндері. Ал, әнге жазған мәтіндері ел аузында.

«Уикипедия» мен Жазушылар одағының сайтында Нұрсұлтан Әлімқұлов туралы мардымсыз ақпарат берілген. Сондағы жазылғанға сенсек, оның кітаптарының шықпағанына да тұра отыз жылдың жүзі болыпты. Мәселен, 1982 жылы «Баспалдақтар» кітабы шықса, 1984 жылы «Таң самалы» атты ән өлеңдері жарық көрген. Осыдан кейін бірде-бір жинағы оқырман қолына тимеген.

## «АҚЫН БОЛУ МІНДЕТ ЕМЕС...»

Иә, XX ғасыр ақындары өздерін өлермендікпен насиҳаттамаған сияқты. Бұған керісінше, XXI ғасыр – нағыз жарнаманың заманы болып отыр. Бұгінгі өнерпаздардың алдына қойған мақсаты да - қай жерден болсын көрініп қалу. Өсіреле, қаптап ашылған әлеуметтік желілер бұған үлкен мүмкіндік берді. Ешкімге жалынбай-ақ, «Фейсбуқ», «В контакте», «Мой мир» сынды желілерге тіркел де, өзін жарнамалай бер.

Дауыс жинау деген үрдіс те пайда болды. Бұл негізінен белгілі бір нөмерге «sms» жіберу немесе ғаламтор арқылы іске асуда. Жақында өзімізге «Шабыт» халықаралық шығармашыл жастар фестивалінің «Ең үздік әдеби туынды» номинациясына қатысып жатқан бір ақын бауырымыз шықты. «Әдебиет» порталында байқауга қатысушы ақындарға дауыс беру науқаны жүргізілуде. Кім мықты дегенді жинаған дауыстар анықтайды еken. Содан ақын ініміз: «Маган дауыс берінізші» деп өтінді. Байқауда жену- женбеу таланттың өлшемі болмайтынын, әр өнерпаз өнердегі өзін емес, өзіндегі өнерді бағалау керектігін, әрі беріден соң «ақын болу міндет емес, азамат болу міндетін» деген Некрасовтың өлең сөздерін де еске алып, шын дарынға мұндаидың жараспайтынын түсіндірдік. Иіміз түсінгендей болды...

## АТЫ БАР КӨКЕКТЕР

Ғаламтордан телеарналарға келейік. Ондағы неше түрлі ток-шоулардың жүргізушилері өздерінің атын шақыратын көкектерге айналып барады. Мәселен, «Хабар» арнасындағы «Бенефис шоу» бағдарламасында әнші, продюсер Қыдырәлі Болманов «Қы-дыр-әлі» деп әндептіп шығып жүр. «Ба-ян Е-сен-та-ева», «Тұрсынбек, Тұрсынбек, Қабатов Тұрсынбек» дегендері де есімізде.

Рас, осыған ұқсас үрдіс ұлтымызда баяғыдан бар:

Баласы Қошқарбайдың Шашубаймын,

Болсам да малға кедей, тілге баймын...

Немесе: Атандым Ғазиз ақын бала жастан,

Ақын жоқ Қараөткелде менен асқан...

Тәңірі берген Молдабай,

Малға жарлы болса да,

Айтар сөзге, тілге бай...

Одан әрі жыраулық заманға ойыссак:

Алаң да алаң, алаң жұрт,

Ақала ордам қонған жұрт,

Атамыз біздің бұ Сүйініш

Күйеу болып барған жұрт,

Анамыз біздің Бозтуған

Келін болып түскен жұрт,

Қарғадай мынау Қазтуған

Батыр туған жұрт...

Халық ауыз әдебиетінің үлгісі керек болса:

Мен Алдармын, Алдармын,

Сақалым болса талдармын...

Осы мысалдардан көрініп тұрғандай, өнерлі бабаларымыз өздерін құртаныстырмайды, тұрмыстары, бойындағы өнерлері жайлы да айта кетеді. Өлеңдерінің мән-мазмұны да сонысымен ашылып тұр. Ал, қазіргі Қыдырәлі, Баян, Тұрсынбек сынды өнерпаздар өз аттарын шақырғаннан басқа не ұтып отыр?..

Сөзімізді түйіндей айтарымыз «Алтын кездік қап түбінде жатпайды» деген сөзді шығарған халық шын өнерпазды өзі танып алады. Дарынсыз болсан да, өзін анда-мына жарнамалап, бүгін танымалдыққа жетерсің. Ал, жазған шығарман, айтқан әнін түкке тұрғысыз болса, көзін кеткен соң-ак ұмытыларсың...

Аманғали ҚАЛЖАНОВ